

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық**

## **А Н Ы Қ Т А М А**

Көктерек

04.08.2025 жыл

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2023жылғы 16қантардағы №213аңының және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016жылғы 19-қазандағы №12 бұйрығына, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» ШЖҚ МКК басшы м.а. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 25.06.2025жылғы №32 н/қ бұйрық негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:**  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі - Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» ШЖҚ МКК-мен оның барлық құрымдылық бөлімшелерінің қызметі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыттары:**

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы
2. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау
3. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілі қағидаға сәйкес қамтылған іс-жоспары мен ішкі талдау, қамтылған кезені 2024-2025 жылы 02 шілде мен 13 тамыз аралығы етіп белгіленген.

**Талдамалық анықтама:**

**Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуына қатысты**

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындау бойынша құқықтық сараптама жұмыстары жүргізілді .

Нәтижесінде бірқатар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар тексерілді.

Персоналды басқару бойынша, бос орындар туындаған жағдайда ақпараттар ай сайын еңбек KZ сайтына орналастыруда.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» ШЖҚ МКК-ға басшы тағайындалғанға дейін лауазымына конкурс өткізілгенге дейінге аралыққа Басқарманың 27.09.2023жылғы № 267ж/қ бұйрығымен басшы міндетін атқарушы тағайындалған.

Анықталғаны бойынша «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015жылғы 02 ақпандағы №70 бұйрығы негізінде Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» ШЖҚ МКК-н басшы лауазымына конкурс өткізу арқылы тағайындау талап етіледі.

**Ұсыныс:** Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015жылғы 2ақпандағы №70 бұйрығы негізінде Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш» облыстық балалар шипажайы» ШЖҚ МКК-н басшы лауазымына конкурс өткізу.

**Мемлекеттік сатып алу бойынша:** Мемлекеттік сатып алу бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары (ақ нан, кара нан) келісім шартта бағалар жоғары көрсетілген.

**Ұсыныс:** ҚР 2004 жылғы 12 сәуірдегі “Сауда қызметін реттеу туралы” заңына сәйкес, егер кез келген өзгеріс жеткізушіге шарт бойынша тауарларды жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелсе, онда шарттың бағасы немесе жеткізу кестесі, не екеуі бірдей тиісінше түзілетеді және шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі деп көрсетілген, осыған байланысты Мемлекеттік сатып алу шарттарына өзгеріс енгізіп, келісім шартты қайта қарап қосымша келісімдер жасау.

**Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысты**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болымысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Осылайша, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақстында жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде Кәсіпорында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

**Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.**

Кәсіпорынның қызметің мәні мен мақсаты денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру, нақты атап айтқанда балалардың денсаулығына дұрыс қызмет көрсету болып табылады.

Кәсіпорын рұқсат беру функцияларын, бақылау–тексеру функцияларын іске асырмайды және мемлекеттік бюджеттен емес « Әлеуметтік медицина сақтандыру қоры » КЕАҚ арқылы қаржыландырады.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарының аясында Мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жүзеге асырылып келеді.

Кәсіпорында қызметкерлерге есептелген жалақының заңдылығына талдау жүргізу барысында 2024жылы 58000теңге артық төленіп кеткені анықталған.

Кәсіпорының күзетшісі Сапаров Байғали Абдурахманович 2023-2024жыл аралығында еңбегі үшін, жыл сайынғы кезекті ақылы еңбек демалысына 2024жылдың 01.03- 09.04 аралығында демалысқа шығып, 10.04.2024 жылы толық 12 ай жұмыс атқармай, өз еркімен өтініш беріп, жұмыстан босатылған, артық төленген 58000 теңгені қайтармағаны анықталды.

**Ұсыныс:** Кәсіпорында талдау жүргізу барысында анықталған 58000 артық төленген қаражатты қалпына келтіруді.

Басшы орынбасары:



У.А.Заирова

Бас есепші :

П.А. Оналбаев

Еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік бойынша инженері :

С.Б.Доланов

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:



А.К. Буртебаева

Заңгер:

Ш.Қ. Тәшімбет